

3

Телеарнаның
еңбекторысы

4

Гүлсая Ержан –
Азия чемпионы

Сыр бойы

12 желтоқсан, бейсенбі 2024 жыл

№191 (20865)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ҰЙЫМНЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Өндіріш салалардың ашықтығы бастамасы» ұйымының басқарма төрағасы Хелен Кларкты қабылдады.

Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан 2007 жылы аталған ұйымға мүше болғаннан бері ОСАБ стандарттарын сақтауға бейлілігін көрсетіп келе жатқанын атап өтті. Елімізде жер қойнауын пайдаланушылардың ұйым талаптарын сақтау міндеттемелері және бюджетке аударатын салық пен басқа да төлемдері бойынша есебі заңнамалық деңгейде бекітілді.

Президент Ұйым басшысына геологиялық барлау мен кен өндіру саласында қабылданған реттеу шаралары туралы ақпарат берді. Атап айтқанда, саланы дамытудың кешенді жоспары қабылданып, интерактивті карта мен 50 мыңнан аса геологиялық есептер қамтылған Жер қойнауын пайдаланудың бірінші платформасы іске қосылды. Бұдан бөлек, бизнестің барлау және өндіру жұмыстарына лицензия алу тәртібі жеңілдетілді.

Хелен Кларк ұйымның алдағы кезеге арналған стратегиялық жоспарымен және басым бағыттарымен бөлісті. Ол Қазақстанның жер қойнауын пайдалануға қатысты заңнамалық актілерін жетілдіру жұмыстарын жоғары бағалады. Бұл кен өндіру өнеркәсібінің ашықтығын қамтамасыз ету талаптарын орындауға мүмкіндік береді.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҚҰРЫЛЫСТА ҚАРҚЫН ЖАҚСЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен құрылыс саласын, трансшекаралық хабарды дамыту мәселелері талқыланған Үкімет отырысы өтті. Жыйынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте көтерілген мәселелерге орай жауапты сала жетекшілеріне бірқатар тапсырма жүктелді.

– Биыл 10 айда құрылыс жұмыстарының көлемі 193 млрд 900 млн теңге болып, өңіріміз республикада бірінші орынға тұрақтады. Құрылысқа мемлекеттік бюджеттен 128 млрд 500 млн теңге бөлініп, 197 нысан салынууда. Ендігі міндет – басталған жұмыстарды аяқтап, нысандарды пайдалануға беру. Бекітілген эскиздік жобадан ауытқымауды, ішкі әрлеудің сапасын қатаң бақылауға алыңыздар. Тұрғын үйлердің де сапасына және инженерлік инфрақұрылыммен қамтылуына баса мән беріңіз, – деді облыс әкімі.

Биыл «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында қаржыландырудың барлық көзінен 701,6 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған болатын. Экономикалық өсімді қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес 863,9 мың шаршы метр тұрғын үй салу межеленіп, жоспар артығымен орындалуда.

2-бет

/// «РУХАНИЯТ ЖЫЛЫ»

«РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫ»: АЛҒАШҚЫ НЫСАН ҚАРМАҚШЫДА АШЫЛДЫ



Тәуелсіздік күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қармақшы ауданында алғашқы «Руханият орталығының» салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Мерекелік іс-шараға облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері Бакберген Досмамбетов, Бекмырза Еламанов, Бинағали Қаюпов, «Қоғам» телеарнасының құрылтайшысы, ақын Шәкізата Әбдікаримов, «Сыр елі әйелдер кеңесі» қоғамдық ұйымының төрайымы, білім саласының ардагері Райкүл Байназарова, жауапты сала басшылары мен аудан тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жұртшылықты жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, әлеуметтік-экономикалық бағыттағы жетістіктерге тоқталды. – Бүгін – ғасырлар үнін жаңғыртып, халқымыздың қазынасын еселеген Сыр руханияты үшін айтулы күн. Ең алдымен, баршаңызды мыңжылдықтардың мұраты, Алаштың асқақ арманы болған Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!



2-бет

/// САПАР

ӨНІМДІ ІСТІҢ ӨЛШЕМІ



Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің кеңесшісі Ермек Маржықпаев қала аумағындағы құрылыс нысандарын аралады. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев алдымен сол жағалаудағы «Үстел теннисі орталығының» жұмысымен таныстырды.

Орталықтың құрылысы «Samruk Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорымен бірге жүзеге асырылды. Қазіргі уақытта орталықта 16 үстел теннисі алаңы, 350 көрерменге арналған орындар, жаттығу залы мен әкімшілік бөлмелер бар, 31 қызметкер жұмыс істейді.

Өрі қарай Премьер-министр кеңесшісі жаңа стадионның құрылыс барысын, бас мердігер «ВД строй-инжиниринг», бас жобалаушы «Жоба», техникалық қадағалаушы «Строй-проф» серіктестіктері атқарған жұмыстарды көрді. Стадион алдағы жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Ермек Маржықпаев шыны зауытының жұмысымен де танысты. Мұнда жылына 197,1 мың тонна шыны өндіріліп, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан елдеріне экспортталады. Зауытта 373 маман еңбек етеді.

Сонымен қатар, аймақ басшысы «Қызылорда Саз М» ЖШС қолға алған заманауи кірпіш зауытының құрылысымен таныстырды. Өндірік үйістіру кенесінің шешімімен жобаға мемлекеттік қолдау көрсетіліп, Қызылорда қаласындағы «Өн-

діріс» индустриялық аймағынан 7 гектар жер телімі берілді. Құны 2,3 млрд теңге болатын зауытта жылына 90 млн дана кірпіш шығарылады деген жоспар бар. Іргетасы жыл соңына дейін құйылып бітеді. Құрылыс алаңында 20 жұмысшы, 11 техника жұмыс жасауда. Зауытқа қажетті қондырғылар осы айда түгел жеткізіліп, алдағы жылдың ақпан айында монтаждалады. Бұл зауыттың басқалардан ерекшелігі – өндіріс толығымен автоматтандырылған.

Премьер-министр кеңесшісі барған келесі нысан – жаңа жылу-электр орталығының құрылысы алаңы. Мемлекет басшысының еліміздегі жылу-электр орталықтарының жұмысын жандандыру тапсырмасымен қуаттылығы 240 мегаватттық жаңа жылу-электр орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Оған «Акса Энерджи» түрік компаниясы 127 млрд теңге инвестиция салды. Орталық келер жылдың қыркүйек айында ел игілігіне табысталады. Пайдалануға берілгеннен кейін 773 қызметкер озық технологиялармен жабдықталған заманауи ғимаратта жұмыс істейтін болады.

2-бет

/// ӨРКЕН

106 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Қармақшы ауданына жұмыс сапары барысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев әлеуметтік осал топ санатындағы отбасылар үшін салынған 106 пәтерлік 53 жаңа тұрғын үйдің кілтін иелеріне табыстады. Рәсімге жауапты сала басшылары, қоғам қайраткерлері мен аудан тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жаңа пәтерге қоныстанушыларды құттықтап, өңірдің құрылыс саласының жетістіктеріне тоқталды.

– Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен өңірімізде тұрғын үй құрылысы қарқынды, баспанамен қамту мәселесі кезек-кезеңімен шешімін тапуда.

Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 39 млрд 100 млн теңге қаралып, жыл қорытындысымен 2500-ден астам пәтер беріледі. Ұлттық жоба аясында 1154 пәтерлік 21 тұрғын

үйдің құрылысы жүргізілуде. Әлеуметтік жағынан осал топтар үшін 1819 пәтер, апатты үйлер орнына 135 пәтер сатып алу жоспарланса, бүгінде 1114-і сатып алынды. Соңғы екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешімін тапты.

Аймақта тұрғын үй құрылысының көлемі 126 пайызға өсті. Бұл көрсеткіш 2022 жылы 683 мың шаршы метр болса, биыл жыл соңына дейін 864 мың шаршы метрге ұлғаятын болады.

2-бет



КЕЛЕСІ
САНДА

ЫСЫРАП –
ЫРЫСТЫҢ
ЖҰТЫ

облыстық ардагерлер кеңесінің кеңейтілген алқа мәжілісінде көтерілген өзекті мәселелер туралы толығырақ баяндалады

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ
ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне
6 айға жазылу бағасы:
жекелер үшін –
4000 теңге,
мекемелер үшін –
5000 теңге



БАСПАСӨЗ – 2025

Валюта бағамы

\$ 508,05 kzt

€ 534,82 kzt

₺ 5,06 kzt

Ауа райы

+8° +10°

+5° +7°

ҚҰРЫЛЫСТА ҚАРҚЫН ЖАҚСЫ

Жыл басынан бері 772,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 109,9% құрады.

Бүгінде 1 мектеп қолданысқа беріліп, қалған 3-уі жыл соңына дейін пайдалануға қабылдана, 6 мектепті алдағы жылы іске қосу жоспарлануда. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бойынша 15 нысанның құрылысын жүргізуге бюджеттен 5,2 млрд теңге қаржы бөлінді. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 1 дәрігерлік амбулатория, 8 спорт кешені, 4 ауылдық клуб, 8 инженерлік желі салуға 1,5 млрд теңге берілген. Ал тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 39,1 млрд теңге қаралып, жыл қорытындысымен 2500-ге жуық пәтер табыс-талмақ.

Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауында жеті қабатты 6 кредиттік үй пайдалануға берілді. Тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың баспана мәселесін шешу үшін жеке құрылыс салушылардан 1954 дайын пәтер сатып алу жоспарланған. Бүгінде 1060 пәтер сатып алынды, оның 317-сі Қызылорда қаласында, қалған 538-і аудандарда.

Алдағы жылы бес қабатты 10 тұрғын үй пайдалануға беріліп, жеті қабатты 10 тұрғын үй құрылысы басталмақ. Сонымен бірге, республикалық бюджет қаржысы есебінен халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 275 жаңа пәтер сатып алу қарастырылған.

Мәжіліс қорытындысында аймақ басшысы қала, аудан әкімдеріне төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп, алдағы мерекелер қарсаңында баға тұрақтылығын, коммуналдық қызметтердің үздіксіз жұмысын, қауіпсіздік шараларын рейдтік тексеруді тапсырды.

1-бет

САПАР

ӨНІМДІ ІСТІҢ ӨЛШЕМІ

Мұнан бөлек, аймақ басшысы Қызылорда қаласындағы Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшесін жаңғырту барысымен таныстырды. Ұзындығы 6,71 шақырым, ені 14 метр төрт жолақты жол құрылысын «УАД» ЖШС жүргізуде. Техникалық қадағалаушысы «ЗКА Проект», авторлық қадағалаушысы «КБ МұнайГаз Инжиниринг» серіктестіктері.

Айта кетейік, биыл Қызылорда облысында республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 44 млрд 703 млн теңгеге 300 шақырым автомобиль жолы жөндеуден өтті. Облыс орталығының негізгі көшелері – әуежайдан Бейбарыс сұлтан көшесіне дейінгі аралық, қалаға Шиеліден кіреберіс жол, Ясауи, Жаппасбай батыр магистральді көшелері, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы төрт жолақты болып кеңейтілді. Қызылорда қаласында Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол асты автожолы, Арал, Жанақорған аудандарында теміржол үстінен аспалы көпір құрылыстары жүруде.

Сонымен қатар жылдар бойы күн тәртібінен түспеген «Қызылорда-Жезқазған» автожолы Президенттің тікелей тапсырмасымен қайта жаңғыртылуда. Қызылорда облысының аумағына тиесілі 216 шақырым жолдың 140 шақырымы аяқталды. Қалған бөлігі 2026 жылы ел игілігіне беріледі.

1-бет



ЖАҢА ТЕРМИНАЛ – ЖАҢА МҮМКІНДІК



Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің кеңесшісі Ермек Маржықпаев Сыр өліне жұмыс сапарының алғашқы күні аймақтың жол-көлік инфрақұрылымын дамытуда атқарылған жұмыстардың барысын көрді. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев алдымен «Қорқыт ата әуежайының» жаңа терминалымен таныстырды.

Терминалға «Болат Өтеұратов қоры» әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде 16 млрд 600 млн теңге инвестиция салды. Әуежайдың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымына, автожол салуға, аумағын абаттандыруға, жарықтандыруға жергілікті бюджеттен 4 млрд 300 млн теңгеден астам қаражат бөлінді. Халықаралық талаптарға сай келетін жаңа нысанда ішкі және халықаралық рейстерге, транзиттік жолаушыларға арналған, СІР залдары, жүкті автоматты түрде беру

жүйесі, «Duty Free» аймағы, сауда нүктелері, медпункт, кафе, гибдат ету, жүк сақтау, ана мен бала бөлмелері бар. Екі қабатты ғимаратта сағатына 250 жолаушыға 10 тәулiкжiт бақылау кабинеті арқылы қызмет көрсетіледі.

Айта кетейік, «Қорқыт Ата әуежайы» соңғы 9 айда жолаушылар мен жүк тасымалында жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Қаңтар-қыркүйек айларында әуежайда 264506 жолаушыға қызмет көрсетіліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20%-ға артқан.

Сонымен қатар, осы уақыт аралығында рейстер саны 1420-ға жеткен. Бұл «Қорқыт Ата әуежайы» көрсеткіштерінің тұрақты өсімін және әуе тасымалының жоғары белсенділігін растайды.

Ермек Маржықпаев аса маңызды инфрақұрылымдық жоба – жаңа терминалдың ел игілігіне қызмет етуіне тілектестік білдірді.

ТАҒАЙЫНДАУ

БАҚТИЯР АРТАЕВ – ОБЛЫСТЫҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ, СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге, кадрлық өзгерістерге орай актив отырысы өтті.

Жиында аймақ басшысы облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының жаңа басшысы Артаев Бақтияр Ғарифоллаұлы таныстырды.

– Мемлекет басшысы отандық спорт саласын кешенді реформалау арқылы бұқаралық, балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуды тапсырды.

Ол үшін бізге өз ісін жетік білетін кәсіби мамандар, мықты басшылар, үздік менеджерлер керек. Осы орайда, Туризм және спорт министрлігінің, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімімен Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы лауазымына Артаев Бақтияр Ғарифоллаұлы тағайындалды.

Бақтияр Ғарифоллаұлы – барлығыңызға жақсы таныс, өз ісінің білікті маманы, мықты менеджер. Спорт саласының жандануына орасан зор үлес қосқан азамат. 2004 жылы Афинада өткен Олимпиада ойындарында ел қоржынына алтын салған чемпионымыз, Вэл Баркер Кубогының иегері, халықаралық спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, бокстан Қазақстан Республикасының 7 дүркін чемпионы.

Бақтияр Ғарифоллаұлының осы кезге дейін алған білімі мен жинақтаған мол тәжірибесін ескеріп, Сыр өңіріндегі спорт және туризм саласын бұрынғыдан да қарқынды дамытады деп сенім білдіреміз, – деді облыс әкімі.

Бақтияр Ғарифоллаұлы Артаев 1983 жылы Тараз қаласында дүниеге келген. Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Құқықтану», «Менеджмент», Қазақ спорт және туризм академиясының «Дене шынықтыру және спорт», ҚазТұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтары бойынша бітірген. «Құқықтану», «Дене шынықтыру және спорт» магистрі.

Еңбек жолын 2004 жылы «Тараз газ шаруашылығы басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің менеджері болып бастаған. 2009-2013 жылдары – Жамбыл облысы Айнабиді ауылдық округінің әкімі, Жамбыл облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы, Жамбыл облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары.

2013-2021 жылдары «Астана» Президенттік кәсіпқой спорт клубы» корпоративтік қорының президенті, «Тарлан батырлары» ЖШС директоры, «Астана Арлан» ЖШС бас менеджері. 2021-2022 жылдары «Қазақстан бокс федерациясы» қауымдастығының ұлттық командалар үйлестірушісі, вице-президенті, Спорт және дене шынықтыру істері комитеті спорты дамыту дирекциясының бокстан мемлекеттік жаттықтырушысы қызметтерін атқарған.

Елімізде спорт саласының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін І дәрежелі «Барыс» орденімен наградталған.

Бақтияр Ғарифоллаұлы бұған дейін де Жамбыл облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасын басқарып, спорт саласының дамуына сүбелі үлес қосқан.

Облыс әкімі жаңа басшыға өңірдегі бұқаралық спортпен айналысушылар үлесін арттыруды, командаларды даярлауды және олардың республикалық, халықаралық спорттық жарыстарда өнер көрсетуін қамтамасыз етуді тапсырды. Білім беру ұйымдарының спорт ғимараттарында сабақтан тыс, кешкі уақытта спорт секциялары жұмысын үйлестіруді және спорттық іс-шаралар өткізуді, «Dami Bala» бағдарламасы аясында жан басына шаққанда қаржыландыру мәселесін жүйелендіруді, басқа да міндеттерді айқындап берді.

«РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫ»: АЛҒАШҚЫ НЫСАН ҚАРМАҚШЫДА АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Сол себепті азаматтарымыздың рухы әрқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, руханиятымызға баса мән беруіміз қажет» деген болатын.

Биыл өңірімізде «Руханият жылы» жарияланып, айшықты жыл аясында мәдени-көпшілік шаралармен қатар, ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», көпфункционалды 1000 орындық «Өнер орталығы» салынып, жаңадан симфония оркестрі, инклюзивті театр, Жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасақталды.

Сыр мәдениетінің негізгі бренді – жыраулық дәстүр өкілдерінің «Жыраулар үйі» ашылды. Құрылысы қарқын алған облыстық тарихи-өлкетану музейі келесі жылы наурыз айында пайдалануға беріледі.

Биылғы «Руханият жылы» аясында барлық 7 ауданда құны 11 млрд 500 млн теңге болатын, ішінде неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият» орталықтары салынууда. Мақсатымыз әртүрлі бағытта қызмет көрсететін мекемелерді бір орталыққа біріктіру арқылы бюджет қаражатын тиімді басқару, әкімшілік шығындарды азайту болды. Жыл соңына дейін тағы 5 ауданда «Руханият орталықтары» жұмысын бастайды. Қалған 2 орталық келесі жылдың наурыз айында ел игілігіне беріледі.

Ең бастысы, бұл орталықтарда ұлттық 1-бет

құндылықтар мен салт-дәстүріміз кеңінен насихатталып, өскелең ұрпақтың өзі туып-өскен өңір тарихы, ұлттың бай қазынасы туралы танымы қалыптасады. Барша жерлестерді «Руханият орталығының» ашылуымен тағы да құттықтаймын! Жаңа нысан еліміздің рухани қазынасын толықтырып, жұртшылыққа қуаныш сыйласын. Ұлттық құндылықтарымыз ұлықталып, Тәуелсіз еліміздің абыройы әрқашан асқақ болсын! – деді облыс әкімі.

Жиында аймақтың руханият саласындағы ауқымды жұмыстарға тоқталған Шәкizada Әбдіқаримов пен Бақберген Досмамбетов ақ батасын берді.

Сонымен қатар, ауданның өсіп-өркендеуі жолында еңбек еткен ардагерлер мен орталықты салған құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, облыс орталығынан балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында «Шығармашылық академиясы», халықаралық стандарттарға сай келетін 11 мың орындық «Орталық стадион» салынууда. Жаңа нысандар келесі жылдың мамыр айында пайдалануға беріледі. Жабдық бәсеңсіз бар консалдық денешынықтыру-сауықтыру кешені бой көтереді, жақын арада «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы басталады. «Samruk Kazyna Trust» қорымен бірге «Үстел теннисі орталығы», «Қазірмұнай» компаниясының демеушілігімен 350 орындық «Оқушылар сарайы» салынып, жұмысын бастап кетті.



КЕҢЕС

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ӘРДАЙЫМ НАЗАРДА

Жуырда қалалық қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысы өтті. Оған қала әкімі аппаратының басшысы, дербес бөлімдер басшылары, «Автобус паркі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мамандары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде қалалық бюджетке өзгерістер енгізу, қалалық бюджет, субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау, тұрмыстық қалдықтарды басқару бағдарламасын бекіту мәселелері қаралды.

Алдымен қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Г. Баймаханова сөз алып, 2024-2026 жылдарға арналған қалалық бюджетке өзгерістер енгізу туралы қалалық мәслихаттың шешіміне тоқталды.

Сондай-ақ қалалық тұрғын үй-

коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы М. Әбсұлтанов күн тәртібіндегі мәселелерге тоқталды.

– Бүгінде Қызылорда қаласында коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормасы бойынша жылына бір адамға шаққанда орташа есеппен 2,335 текше метр қатты тұрмыстық қалдық деп есептесек, онда қалада есептік әдіс бойынша жылына 838498,5 текше метр, яғни 209625 тонна қалдық түзіледі.

Кейінгі үш жылда сұрыптау және

кайта өңдеу үлесі азайып келеді. Сәйкесінше пайда болған коммуналдық қалдықтар бірнеше есе өсті, ал сұрыптау желісінің қуаты артқан жоқ. Сонымен қатар ауыр қалдықтар салдарынан жөндеу жұмыстары жиі тоқтап қалды. Ұйымдардың халықтан сатып алатын қаптама қалдықтары шамамен бір деңгейде қалды. Бұл сұрыптау мен қайта өңдеу үлесінің төмендеуіне әкелді, – деді бөлім басшысы.

Отырыста ауылдардағы білім мекемелерінің жылу жүйесін табиғи газға қосу, тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау мәдениетін БАҚ арқылы халыққа кеңінен түсіндіру, Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол өткелінің сапалы салынуын бақылау, сұрыпталған тұр-

мыстық қатты қалдықтарды өңдейтін өндіріс орындарын ашу, Тасбөгет кентіндегі кәріз су қалдықтарынан пайда болған көлшіктер мәселесін шешу, қала ішінде елеусіз қалып қойған қысқа және түйік көшелерді жөндеу, жарықтандыру, қатты қалдық қабылдайтын полигон аумақтарын күтіп ұстау, қалдықтарды өртеуге жол бермеу, кеңейтіліп жатқан Тәуелсіздік көшесіндегі бағдаршамдарды ретке келтіру туралы ұсыныс айтылды.

Жиын соңында баяндамашылар қоғамдық кеңес мүшелері қойған сауалдарға жауап берді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

106 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында Қармақшы ауданында нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Өткен жылы аудан бюджеті 13 млрд 353 млн теңге болса, биыл 17 млрд 825 млн теңгеге жетіп, 25 пайызға өсім қалыптасты. Бұл қаржы аудан тұрғындарының өзекті мәселелерін шешуге бағытталуда. Биыл 2 млрд 100 млн теңгеден астам қаржыға автомобиль жолдары жөндеуден өтті.

Жосалы кентіндегі теміржол үстінен өтетін аспалы көпірдің құрылысын бастауға мемлекеттік сатып алу жүргізілуде. Тұрғындары газбен қамтуға ерекше мән беріп келеміз. Жосалы, Төрегам кенттері мен Ақай ауылдық округі «көгілдір отынға» қосылды, аудан халқының 77,5 пайызы табиғи газ қолдануда. Аудан орталығындағы «Тәуелсіздік» ықшам ауданы газдандырылып, Дүр Онғар ауылдық округінде жұмыс басталды.

1-бет

Елді мекендерді сапалы ауысумен қамтуда өткен жылы Көмекбаев, Алдашбай ахун, «Қармақшы» елді мекендерінде 3 жоба жүзеге асса, биыл Байқоңыр қаласында 1 жоба қолға алынды.

Жаңа қоныс құтты болсын! Баспаналарының бақыт пен шаттыққа толып, балалардың қуанышы еселене берсін! – деді облыс әкімі.

Іс-шарада құрылыс мекемесінің мамандарына облыс әкімінің Алғыс хаты табыс-талып, мемлекет және қоғам қайраткері Бекмырза Еламанов батасын берді.

Рәсімнен кейін аймақ басшысы тұрғындармен кездесті. Әлеуметтік-экономикалық дамудың бағыт-бағдары, инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асу барысы туралы айтып, жиналған жұртшылықтың ұсыныс-пікірлеріне ден қойды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// МЕРЕЙ



(ӘССЕ)

ТЕЛЕАРНАНЫҢ ЕҢБЕКТОРЫСЫ

Бұл әссө осыдан бес жыл бұрын жазылып еді. Бірақ мен әр сөзді, әр сөйлемді түзеп, күзеп, қайта-қайта жөндеп, жақсартып, газет оқырмандарына неғұрлым ұғынықты, көңілдеріне жақын, жүректеріне жылы тиетіндей әсерлі де әдемі шығарма жазбақшы болып мын ойлаптың, мың толғанғым жүргенімде. Қапалым жүрек бір журналының осы ояйдағы мақаласы жарияланып кетіп, кешігіп қалып едім. Енді архивімде сарғайып, кезегін күтіп жатқан сол жазбаны толықтырып, кейіпкердің содан бергі атқарған жұмыстары мен қол жеткізген табыстарын қамтып көпшілік назарына ұсынуды жөн көрдім.

«Дала... Шежіреге толы мекен. Үн-түңсіз сыр-ише бүтпін, бүк түскен қариядай тымырайған бел-белестер, оқшау тұрған тобе, жағасын құрақ көмкерген айнадай көл... Сарысу бойы, қосіліп жатқан кен дала. Жосылып жатқан жолдар... Қызыл-жасыл гүлдерге көмкерілген белестер... Қапталдай өрген қойлар, үйір-үйір жылқылар, ман-ман басқан түйелер... Күліп атқан таң, сылдырап аққан су... Үп етіп соққан самал жел...»
Қалай, көз алдыңызға қойнауы құт жазара дала, тұмса табиғат, сулы, нулы, өленді өлке естелеті ме? Сөзбен салынған сұлу сурет, ә?!
Айтары жоқ, осындай әлемі жерде, ұшықырына көз жетпейтін дарқан дала төсінде, мөйдір сулы өзен жағасында, әйгілі Сарысу жайлауында өскен өрнеңнің талабы таудай талант болмауы, жүрегінен жар төгілген ақын болмауы, қара сөзден кесте тоқитын жазушы, журналист болмауы мүмкін емес. Оның үстіне... оның үстіне бүкіл саналы ғұмырын сайын далада еңбекпен, мал бағумен өткізген, сол даланың әрбір бөбесін, топырағын, тау-тасын, өзен-көлін жақсы білестін, жақсы көретін, дала табиғаты мен тарихының тамырысындай, дала құпиясының күзегіндей көрген, кеудесі сыр-сандық, шешірісі, қиындастарды жырлаушы, көне кітаптарды жинаушы әңгімешіл әке болса...

қаныды ұғатын үлкендерге, саясатты түсінетін сұңғылаларға емес, бал тілді балаларға, ләк жүрек, періште көңіл кішкентайларға, алтын ұя мектептегі шәкірттерге арналған дүниелерді далайында қиынның-қиыны. Бір қарағанда бұл тірлік оң-оңай болып көрінуі мүмкін. Ал бірақ баланың ұғым-түсінігін, дүниетанымына сай сөйлеп, жазу жай журналистың, қалам ұстағаның екінің бірін қолынан келе бермейді. Бейнеті шаш етектен бұл шаруаны біздің кейіпкеріміз еңсерді. Табандылығының, ізденімпаздылығының, еңбеккеңістігінің, мык шегелді мықтылығының арқасында. Еңсергені сол – онтайына келген бұл жұмысты бар ынта-ықыласымен қызыға жүріп, сүйсіне жүріп атқарды. Нәтижесінде, уақыт өте келе, радиотыңдармандардың тағатсыздана, асыға күтетін сүйікті маманына айналды. Есімі елге әйгіленді. Бұл тынымсыз төгілген тердің мөуелі жемісі еді. Ал жемістің дәйегіміз – 1997 жылы еліміз телевизиясы мен радиобөлімдері бойынша жарияланған байқауда Қаршығаның «Алшаларды қонақжай шаңырағы» атты хабары үздік шығып, Қазақстан Телерадио академиясының «Алтын жұлдызы» жеңіп алды.

Жана мыңжылдықта қалам басар тұста туған жерін жан-тәнімен сүйіп, қасиетті Сырның топырағына Тәңірдің табиғатын тілші қыз жүрегінің сыздатқан сағыныш әміріне бағынып, елге оралды. Алтын бесік ауылымен, ата-ана, тұмса-бауырларымен, аңқылдаған ақ пейілді ауылдастарымен қуана қауышып, дарқан даласымен диларласып, аз-кем уақыт аунап-қунаған соң көп ойлабастан, жұмысқа кірісті. Облыстық «Қазақстан-Қызылорда» телерадионың редактор болып орналасты. Бастапқы кезде өнер, әдебиет, мәдениет және жастар өмірі турасында хабарлар дайындап жүрді. Соған соң... сонан соң бірінші тарихи дүниелерге көшті. Елдің, жердің тарихи, елім деп енір өткен бабалар, дүрбелең-дүбірте толып дүрлердің дулығы ерлері, жер бетінен жоыла бастаған қонақ жөдігерлер, мәдени-әлеуметтік маңызы зор ескерткіштер, азаттықтың ақ таны үшін адыққан Алаш қайраткерлері Қаршығаның негізгі тақырыбына айналды.

«Алматыдан туған жерге оралдым. Кеуде сарайым ашылып жүре берді... Ата-бабадан қалған асыл қасиет – сөзі мен жолын бағдарламайды ұстандым. Ел тарихы, адамдар тағдыры, туған жердің ашылмаған сырлары мені елітіп, өзіне тартта түсті. Өзім де мәнді түсіне алмай жүріп, өзгеге нақты түсініуде ауа үшін барымды салдым, іздендім, зерттедім. Жан дүнием қайта жанарып, түлді. Мен тарих тұңғышына ендім де кеттім.»

Осы орайда ең бірінші «Танбалы тас» деректі фильмінің түсірілі. Ол үшін... ол үшін бағы бала күнінде, жас кезінде көкесі ертіп ашып көрсеткен құладуға Бетпақдалаға барды. XV ғасырда Жәнібек пен Әбілхайыр хандардың тұсында үш жұлдыз игі жақсылары бас қосып, Үлкенділдік бінк жартасына ру танбаларын салған тарихи мекен қанырап бос қалыпты. Бір кездегі алып жартастар жел қағып, күн жеп, жаңбыр шапым мүжіген, үгітіліп, ақжөделген. Адамның қолымен бүліншіп, қирағандары қаншама. Бағыз көкесі екеуі шығып, төңірекке көз жіберген бінк төбенің басындағы мұнара құлап қалыпты. Шегенделген ескі күлді қалың қамыстан көрінбейді. Откеннің күсі, көненің кызы танбалы тастар шапшылып жатып, Қараусыздықтан, несіздіктен, күтімсіздіктен азып-тозаң. Құлазыған қу меніңше қарап тұрып оның көңіл-күйі бұзылды, жыны жабырқады. «Танбалы тастар жер кіндігіне түскен белдерді қазак даласында біреу-ақ. Осы қазактар де қасиетті мекеніміз жылдар легімен жер бетінен жоғалып кетпесе екен. Бұдай болмас үшін тарихи-мәдени мұра жанешерлері, жауапты мамандар тілсіз шараларды қолға алып, келер ұрпаққа бұзбай, бүлдірмей аман-есен жеткізсе екен» деп ойлады сол сәт.

«Алматыдан туған жерге оралдым. Кеуде сарайым ашылып жүре берді... Ата-бабадан қалған асыл қасиет – сөзі мен жолын бағдарламайды ұстандым. Ел тарихы, адамдар тағдыры, туған жердің ашылмаған сырлары мені елітіп, өзіне тартта түсті. Өзім де мәнді түсіне алмай жүріп, өзгеге нақты түсініуде ауа үшін барымды салдым, іздендім, зерттедім. Жан дүнием қайта жанарып, түлді. Мен тарих тұңғышына ендім де кеттім.»

Осы орайда ең бірінші «Танбалы тас» деректі фильмінің түсірілі. Ол үшін... ол үшін бағы бала күнінде, жас кезінде көкесі ертіп ашып көрсеткен құладуға Бетпақдалаға барды. XV ғасырда Жәнібек пен Әбілхайыр хандардың тұсында үш жұлдыз игі жақсылары бас қосып, Үлкенділдік бінк жартасына ру танбаларын салған тарихи мекен қанырап бос қалыпты. Бір кездегі алып жартастар жел қағып, күн жеп, жаңбыр шапым мүжіген, үгітіліп, ақжөделген. Адамның қолымен бүліншіп, қирағандары қаншама. Бағыз көкесі екеуі шығып, төңірекке көз жіберген бінк төбенің басындағы мұнара құлап қалыпты. Шегенделген ескі күлді қалың қамыстан көрінбейді. Откеннің күсі, көненің кызы танбалы тастар шапшылып жатып, Қараусыздықтан, несіздіктен, күтімсіздіктен азып-тозаң. Құлазыған қу меніңше қарап тұрып оның көңіл-күйі бұзылды, жыны жабырқады. «Танбалы тастар жер кіндігіне түскен белдерді қазак даласында біреу-ақ. Осы қазактар де қасиетті мекеніміз жылдар легімен жер бетінен жоғалып кетпесе екен. Бұдай болмас үшін тарихи-мәдени мұра жанешерлері, жауапты мамандар тілсіз шараларды қолға алып, келер ұрпаққа бұзбай, бүлдірмей аман-есен жеткізсе екен» деп ойлады сол сәт.

Осындай игі мақсат, ізгі мұратпен төрт облыс шекарасының түйіскен жеріндегі төңдесі жоқ тарихи орын туралы фильм дайындалды. Онда тасқа қаншалық танбалар сырменен қатар, несіздікке ұшыраған мекеннің кезді күттірмес проблемалары айтылды. Көзіқаракты көрерменді бейжай қалдырмаған осы кинодан кейін, «Танбалы тас» жәдігерлігі облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мемлекеттік мекемесінің тізіміне еніп, қарауына алынды.

Жұмыс қызып берді Қойнауына тығсым сыр бүккен ежелгі мекендер жайлы жасалған «Қорқыт», «Жанкент», «Шірік-Рабат», «Өзгент», «Керлері», «Әлкисе» туындылары біріннен соң бірі көрермен назарына ұсынылып, лайықты, жоғары бағасын алды. Авторі көпшіліктің ыстық ықыласына, ризашылық сезіміне бөленді. Ізденуден, іссапарға шығудан шаршамайтын, қайта әр сапар, әр хабар сайын шабыттана, ынталана түсетін журналисті бір күні арнайы экспедиция құрып алып, Өзбекстанға жол тартты. Мақсат – қазақтың әйгілі батыры, аса көрнекті қолбасшы Жалантөс Баһадүрдің 430 жылдығына орай фильм түсіру. Айта кетерлігі – Қаршығаның бұл сапа-

ры тек бір өзі үшін, телерауа үшін ғана емес, халқымыз үшін де маңызды зор іссапар болды. Иә, осы жолы ол Жалантөс Баһадүр отыз жыл әмірлік еткен Самарқан қаласында ғана болған жоқ, ұлы қолбасшының мәңгілік мекені «Дағбінт» қыстағына да барды. Батырдың мүрдесі жатқан жерді, көленкесінде демалып, шай ішіп отыратын 600 жылдық шынар ағашын, ең қызығы – Баһадүр ұстаған мөрді ұстап көріп, бәрін-бәрін таспаға бақып алды. Тарихшы-зерттеушілермен, жергілікті тұрғындармен тілдесіп, тың деректерге қанықты. Бұл-бұл ма, Жалантөс жайлы мәліметтерді жинап болған соң Қарекен Әйтеке би жайын зерттеу үшін 250 шақырым жердегі Новаи облысына тартып кетті. Мұнда да ғалымдармен, тарихшылармен сұхбаттасты және солардың сілтеуімен әрі қарай жүріп, Әлім руннан тараған ұрпақтар тұратын «Кинемех» ауданына барды. Бұл жерде Әлібек Сәрсенбаев деген көнекөз қарияға жолығып, біраз мағлұмат алды. Сонан соң Нұрата ауданына ат басын бұрды. Қарияның түсіндіріп айтуы бойынша кіші жүздің биі Әйтекеңін бейтінің орнын тапты! Бұл үлкен жаналық, айтулы оқиға еді. Бұған дейін Әйтеке Бәйбекұлының мәңгілік тыныстаған жері белгісіз болып келгенді. Міне оны Қызылорда облыстық телерадионың тілшісі Қаршыға Есімсейітова тапты! Және оны ең алғаш бейнетаспаға түсіріп, жалпақ жұртқа жария етті. Оның бұл тарихи жаналығы Жалантөс Баһадүрдің әкесі Сейітқұл әулие мен Әйтеке би басына үлкен кесене тұрғызылып, мешіт пен мұражай салынуына себеп болды. Кейін түсіру тобы кесененің ашылу салтанатына қатысып қайтты. Құрмашқызы қайраткер ретінде құрметті қонақ болып шақырылды.

Көздеген мақсатына жетпейінше тыным көрмейтін Қаршыға өзбек еліне бір-екі рет қана емес, тоғыз рет сапар шекті. Сол ізденістердің нәтижесінде Жалантөс Баһадүр жайлы 5 бөлімді хабар, Әйтеке би туралы екі деректі фильм әзірленді. Бұл айтып отырғанымыз Қаршыға жасаған жұмыстардың бір парасы ғана. Оның Алаш арыстары мен өнер, мәдениет қайраткерлері туралы хабарлары өз алдына бөлек дүние. Бір ғана, «Сыр өнерінің тұлғалары» атты фильмі 10 серияны құрайды. Мұнымен қоса күнделікті өтіп жататын әдеби, мәдени іс-шаралардан дайындалатын хабарлары мен студиядан жүргізетін бағдарламалары қаншама. Кейде қажеттілік туып кейбір жандар туралы жазуға отырсаң ойға оралып, қалам ұшына ілігетін қасиетін таппай, суда тал қармағандай, жоқтан бар жасап қиналасың. Ал Қаршыға хақында... тауыса алар еместің. Әлі ана жұмысы, мына қыры айтылмады деп алаң күй кешудемін. Бәрін қалдырмай жеткізгің келеді, бірақ оны шектеулі шығарманың көлемі көтермейді.

Халық арасында әзіл де болса «Журналист пен қасқырды аяғы асырайды» деген сөз бар. Осы әңгіме дәл біздің кейіпкерімізге қарата айтылған секілді. Қай кезде көрсенің де ол қасына асай-мүсейін арқаған операторын ертіп алып, жолда шығып бара жатады. Айдыңды Арал мен қарт Қаратаудың аралығында ол басаған ұлтаракты да жер жоқ шығар. Небір елісіз, сусыз өңірлер мен құм шағылдыр, кедір-бұдырлы, таулы-тасты жолдар мен шабыр-шеңгелдердің арасы, әлдеқанша көненің көзіне айналған қалалар мен мазарлардың орындары... Осының бәрі-бәрімен ол жүріп өтті, аралды, көрді, түсірді, жазды... Ойла қаранышы, кейде аяқ сұыптауға, қоз шыры-мын алмауға, нәр тартпауға тура келетін мұндай қиындыққа, мұндай бейнетке кім шыдайды? Ердің – ері, нардың – нары, төзімдінің – төзімдісі ғана шыдайтын шығар. «Жолаушы үйден қырық қалам шыққандан кейін мұсапир». Сондай-ақ «Жол азабы – көр азабы» деген де сөз бар. Көрден кім қайтып келіп айтыт дейсің. Біраз азабы – азап екені рас. Әсіресе жасамсыз жандар үшін.

Қайбір жылы Қаршыға жаз бойы тыным таппастан шалғай ауылдарды, аңыздалына кезіп хабар жасап жүрді. Жұмысқа бір соққанда байқадым, жүзі ер сөндіргендей күрентіп, күнге күйген қолдарының терісі қабыршақтанып, ерні шолдін тақырындай шыт-шыт болып жарылып кетті. Мен: «бет-аузыңды көлейтсің, ұзын жел, ақ көйлек киеп алайшың!» дедім жаным ашып. Келесі күні іссапарға шығарда ол сөйтті. Сонда далада қарғаның мыны кептіретін 50 градустан жоғары ыстық болып тұрған. Оның жолға төзімді, шілде ышпады болуы сонау бала кезінде өзі өріске айдап апаратын інгендердің сүтін, қымыранды қанып ішкеннен шығар деп ойлаймын кейде. Ал сайып келгенде, тілші қыздың бойындағы сабырлық пен төзімділік еке қанымен қоса тәрбиесімен де берілгені белгілі.

Тележурналистің кісі танғаларлық тағы бір қасиеті – бүгінгі атқаруыға тиісті шаруаны ешқандай ертеңге қалдырмайтындығы. Небір ұзақ, ауыр жолдан оралса да, материалдарын тез-тез жазып, түнімен отырып монтаждап, таңертең түз көрмегендей, ұйқысыздықтан ұйы-жүзі бой-май, тымындап кезекті жұмысына кірісіп жатады. Сондай бір сәтте оған қайран қалып қарап тұрғаныма, санама «еңбекторы» деген сөз сарт ете қалды. Расында еңбекторы... телерадионың еңбекторысы! Әдетте әр адамның тыным-тіршілігіне, іс-қимылына, мінез-құлқына, болмыс-бітіміне байланысты әртүрлі ат қойылып, айдар тағылып жатады. Мына теңеуді менің құлағым ешкім сыбырап айтқан жоқ, ешкіммен ойласқан еместің. Соған қарағанда көктен келді, Алла өзі ауызға салды. Сондай лайықты, дәл табылған сияқты.

Қаршығаның соңғы жылдары қос бірдей кітабы жарыққа шықты. Бірі «Менің әлемім» деген өлеңдер жинағы, екіншісі аңыз әңгімелер мен хикаяттар, новеллалар, сапарнамалар, деректі туындылар топтастырылған «Боз даланың үні» деп аталатын жинақ. Бұған дейін «Аңсаған атамекенім», «Ұмытпа ауы», «Таусылмайтын жол» атты кітаптардың авторы болған ақын енді проза жанрына да қалам тартыпты. «Боз даланың үніне» құлақ түрейін деген оймен бетіне бас көтерместен үнілдім. Әуелгі бөлімдерінде қол құрағы құлпырған Сарысу жайлауына саяхат жасап, сұлу табиғатына тамсанып, малышар ауылын аралап, көкөрек сарайында апаратын ауғ ауасымен демалғандай рахат күйі кештім. Ал соңғы жағына қарай тарих тереңінен талып жеткен шежіре сарының естідім.

Ұмытып баралды екенмін, жоғарыда келтірілген үзінділер осы кітаптан алынды. Қолыңызға тиіп жатса сіз де оқып шығыңыз, қадірлі оқырман. Өкінібейсіз. Қазына-қоржыныңыз... жо-жоқ, дүние-мүлік салатын емес, рухани қазына-қоржыныңыз қомқатана түседі. Боз даланың үнін тыңдайсыз... Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Атқа қонаған ару» атты үлкен бір кітап шықты. Тек өз республикамыз ғана емес, алыс-жақын шет елдердің әр салалығы мықты, мақталы қыз-келіпшектің туралы жазылған осы жинаққа Сыр өңірінен Қаршыға Құрманқызы енді. Алтынмен ашталып, таза былдарымен қапталып үш тілде жарық көрген бұл кітап шаруараға таралды. Яғни біз әңгімеленіп отырған Есімсейітованың есімі жахан жұртына танылды. Ал жұмырда Қаршыға қаламгердің «Шешім» деп аталатын жаңа жинағы оқырманға жол тартты.

«Орда бұзар отыз» атты төбеге екінші рет көтерілген Қаршығаның байыпты белес-талтүсің таманалағанына биыл бесінші жыл. Шығар тауын биіктеп, күнгей бетінің нұр-сәулесі жан-жүрегіне жылы шуағын төге берсін, телерадионың еңбекторысы атанған әріпте!


Несібелі PAXMET, Қазақстанның Құрметті журналисі



«ТЕРМЕ» ЖИНАҒЫНЫҢ ТЕРЕҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Осыдан 90 жыл бұрын Темірбек Жүргеновтің ұсынысымен Тұрмағамбет Ізтілеуұлы Әбілқасым Фирдоусидің «Шахнамесін» аударды. Облыс әкімдігінің қолдауымен, Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қордың бастамасымен, облыстық мәдениет, құжаттама және архивтер басқармасының ұйымдастыруымен 18 желтоқсан күні «Терме – тарбие, жыр – рух» атты республикалық жыршылар байқауы өтеді. Осы байқауға Сыр өңірінің жыршылары және еліміздің жеті өңірінен өнерпаздар қатысады. Сыр өңірі жыршылары мен ақындарының, би-батырларының ұрпақтары 18 жұлде тағайындалды.

Ұлттық кітапхананың «Сирек кітаптар мен қолжазбалар» бөлімінде сақталған «Терме» жинағы 127 беттен тұрады. Ені 16,5 см болса, ұзындығы – 24 см. Шифрі – Ж.894.342. Бұл жинақтың толық нұсқасы емес. Оған дәлел, бірінші беті бірден «Тәрбие бөлімі», яғни алғашқы бөлімдегі мақаладан басталады.



Ұлттық кітапхананың «Сирек кітаптар мен қолжазбалар» бөліміндегі «Терме» жинағының мұқабасы мен алғашқы беті

Біздің ойымызша, алғашқы беттерде құрастырушының сөзі, сипаттамасы берілуі қажет еді. Бұл реттен келгенде толық нұсқа мен осы нұсқаны өзара салыстырып, жарық көргеніне 100 жыл толатын жинақты ескі қарпент кәзіргі қарпике түсіруге қажет. Өйткені мұнда қазақтың арғы-бергі тарихынан құнды дүниелер жарияланған.

Жинақтың «Тәрбие» бөлімінде Алаш қайраткерлері Жүсіпбек Аймауытұлының «Жыныды (комплекс)» әдісі іс жүзінде мақаласы мен Абдолла Байтасұлының «Мектеп басқару жайы», сонымен қатар, «Танашбай» есімді бүркеншік есімді автордың «Шағылыс мәселесі» атты мақаласы берілген. «Танашбай» – Жүсіпбек Аймауытұлының бүркеншік есімдерінің бірі. Бұл туралы ғалым Бейсенбай Байғалиев 1989 жылы «Жүсіпбек Аймауытовтың бүркеншік есімдері» деген мақаласында анық көрсеткен. Демек, алғашқы бөлімде Жүсіпбек Аймауытұлының қос бірдей мақаласы жарияланған.

«Білім» бөлімі «Адам тегі» (Арқалық), «Тарих туралы жалпы ұғым» (Даниал), «Халық әдебиеті, оны жинау жолдары» (Мағлұмат жинаушы: Сарбай ұлы Шамғали), «Жалаң-төс батыр» (Д.К.), «Едіге билің тұқымы» (Мұқаметжан) сынды ғылыми-танымдық мақалалардан тұрады. Алғашқысы аударма болса, қалғандары – тарихи-танымдық мақалалар. Әсіресе, «Д.К.» (Досмұхамедұлы Қалел) бүркеншік есіммен жарық көрген «Жалаң-төс батыр», Мұқаметжан Тынышбайұлының «Едіге билің айтқаны» мақалаларында батыр Жалантөстің өмірі мен ерлігі, ата-тегі мен Едіге биден тарайтын тұқымның шежіресі сызба нұсқада берілген.

Және ел арасында қызбалықты көрініп, маңызды жоймай сақталып қалған әңгіме. Сондай қолыма түскен ел аузындағы материалдармен «Шер-ниаздың» тарихын емес, әңгімесін толықтырмақшымын», – деп жан-жақта шапшылып, халық аузында мақалға айналып кеткен ақынның әңгіме, өлеңдерінен мысалдар келтірді. Ал одан кейінгі мақалада Халел Досмұхамедұлы «Шер-ниаз кім?», «Баймағамбет кім?», «Исатай кім?» деп тұлғалар өмір тарихынан мол дерек берді.

«Көркем әдебиет» бөлімінде «Өнші» (Жүсіп-бек), «Орташылдықтың ұшқындары. Өткен тұрмыстан» (Қошке), «Жол үстінде» (Қызылбас), «Қоншылдар» (Лияс), «Балаларға баярлық» (Мағжан) туындылары жарық көрген. Мұндағы «Қызылбас» – Жүсіпбек Аймауытұлы. Ал қалған авторларды Қошке Кемеңгерұлы, Лияс Жансүгірұлы, Мағжан Жұмабай екені түсінікті.

«Халық әдебиеті» бөлімі «Базар жырау» (Д.К.), «Шер-ниаз» (Жан-сүгір ұлы Лияс), «Шер-ниаз кім?» (Д.К.), «Баймағамбет кім?» (Д.К.), «Сексен мен Токсанның билікке таласқаны» (Жанталы ұлы Ақмет), «Байдалы билің сөздері» (Ақмет-бек, Балау бай, Қасен қатарлы ақсақалдардың аузынан жазып алған «Байдалы билің сөздері»). Бұл туынды әсіресе, шежіретанушылар үшін аса құнды деп ойлаймыз.

«Халел Досмұхамедұлының «Базар жырау» атты мақаласында: «Қазақтың ішінде атақты жыр айтықшы бірі – Базар жырау. Базардың жыр – Шөмекей (Шөмен). Шөмекейдің ішінде Бозғұл, Бозғұлдың ішінде Балқы. Базардың туған жері – Қазалы үйезі, Көшербай болысы. Жүрген жері – Арқа мен Сыр бойы. Жасы жетпістен асып өлген. Өлгенінен он бестей жыл болған. Базардың сөзі көп. Үлгі үшін қолға түскендерінен бір-екеуін келтірейік» деп жырландырып жырларының үзінділерін қосқан.

Лияс Жансүгірұлының «Шер-ниаз» туындысында: «Біздің жақта (Жетісу губерниясы, Талдықорған уезінде) бұл «Шер-ниаз» әңгімесін Жүсіп жинағынан толығырақ айта-

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

Е-mail: smjarnama@mail.ru

БӘРЕКЕЛДІ!



ГҮЛСАЯ ЕРЖАН – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Жерлесіміз Гүлсая Ержан (81 келі) Таиландта өткен бокстан Азия чемпионатында жеңіс тұғырынан көрінді. Ол финалда украиналық спортшыны айқын басымдықпен ұтты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр спорттыңдағы сүйінші жаңалықты елге жеткізіп, былғары қолғап шеберіне тілектерін білдірді.

«Сыр мақтаншы чемпионаттың жартылай финалында өзбекстандық Сохиба Рузметовамен күш сынасып, тамаша ойын көрсетіп, ақтық финалға жолдама алған болатын. Азияның назарын өзіне аударған байрақты додада ел намысын қорғап, үздік боксшы атанды. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, жерлесіміз Гүлсая Ержан бұған дейін де бірнеше халықаралық, республикалық сайыстарда жеңіс тұғырынан көрінген еді. Мақтаншымыз – Гүлсая, Сыр спортының шежірелі тарихында есіміңіз алтын әріптермен жазылып, Қазақ елінің, Сыр өңірінің атын төрткүл дүниеге таныта беріңіз! Спорттағы жеңісті күндеріңіз көп болсын!» деп жазылған облыс әкімінің құттықтауында.

Сондай-ақ құрлықтық дода еліміздің әйелдер құрамасынан Гүлсаядан өзге финалға шыққан төрт боксшы да чемпион атанды. Олардың қатарында Виктория Графеева (60 келі), Аида Әбікеева (63 келі), Наталья Богданова (70 келі) және Елдана Тәліпова (81 келі) бар.

Ал ерлер құрамасынан тоғыз боксшымыз ақтық сында өнер көрсетті. Қазақстандық былғары қолғап шеберлері арасынан Махмуд Сабырхан (54 келі), Бекзат Нұрдәулетов (86 келі), Сағындық Тоғамбай (92 келі) және Айбек Оралбай (92 келіден жоғары) чемпион атанса, Санжар Ташкентбай (48 келі), Оразбек Асылқұлов (57 келі), Дулат Бекбауов (67 келі), Абылайхан Жүсіпов (71 келі), Диас Молжігітов (75 келі) күміс медальды қанағат тұтты.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»



ДАРЫНДЫ ЖАСТАРҒА БІЛІМ ГРАНТЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Қызылорда облыстық білім басқармасы және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, облыстық «Qyzylorda» телеарнасы бірлесіп ұйымдастырған «Зияткер» телевизиялық білім байғесінің финалдық кезеңі өтті.

Білім сайысының қорытынды кезеңіне Қызылорда облысының аудандары мен қаласындағы мектеп оқушылары қатысып, бақ сынады. Қатысушыларға отандық және дүниежүзі тарихы, мәдениеті, экономикалық жағдайына қатысты түрлі сұрақтар қойылып, логикалық тапсырмалар берілді.

Сайыстың итіжәсі бойынша I орынды Жалағаш ауданы әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің оқушысы Ербол Айғали жеңіп алса, II орын Қармақшы ауданы Т.Жүргенов атындағы №80 мектеп-гимназиясының оқушысы Динара Макеноваға бұйырды.

Байқаудың финалдық бөлексіне Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Жандос Базартай,

облыстық «Qyzylorda» телеарнасының директоры Нұрбек Әмиша, облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ директорының орынбасары Қорған Өтегенов қатысып, жеңімпаздарды марапаттады.

Айта кетейік, «Зияткер» білім байғесі биыл үшінші мәрте ұйымдастырылып отыр. Байқау білім мен шығармашылықты дамытуға бағытталған және жастардың зияткерлік әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Бұл шара қатысушыларға жана мүмкіндіктер тудызып, болашақ мамандарды тәрбиелеуге зор үлес қосады.

ТӘРБИЕ ҚАЗЫҒЫ



ӨМІР ЖОЛЫ ӨНЕГЕ

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, жас ұрпақтың қандай азамат болып қалыптасатыны мұғалімнің еңбегіне, педагогикалық шеберлігіне, шыдамдылығына, сондай-ақ өз жұмысына деген сүйіспеншілігіне байланысты.

Халқымыз ықылым заманнан ел жақсыларын ұстаз деп құрмет тұтқан. Ұрпақты білім нәрімен сусындатқан абзал жандарды осылай атаудың өзінде бір мән бар. Әкем Қуандық Ахметұлы – ұстаздық атты ұлы қызметті жанына жалау етіп, сүйіспеншілікпен бастаған ісін өмірлік мұратына айналдырған ел ардақтысы.

Ол мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан соң еңбекке ерте араласып, 1966 жылы мектеп жанынан құрылған бригадала құршы етіп мол өнімге қол жеткізді. Іске деген тиянақтылығы мен жауапкершілігін көрсетті. Екі жыл өндірісте табынды еңбек етіп, Н.Г.Оголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына оқуға түскен. Еңбек жолын ауыл шаруашылығында бастағандықтан болар, қосымша зоотехник мамандығын да алды. Орынбор қаласындағы заң институтында және Қорқыт ата атындағы университеттің спорт бөлімінде білімін жетілдірді.

Әрдайым үйренсем, білсем деген ниетте жүреді. Қай уақытта, қандай жаста болса да білім алуға кеш емес деп ойлайды. Әскер қатарында жүргенде самбо күресімен шұғылданып, КСРО спорт шебері атанды. Оған дейін де еркін, қазақ күрес-терін спорт шеберіне үміткер болатын.

Қуандық Ахметұлы 1972 жылы 1 май орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәндерінің мұғалімі болып қызметтік жолына қадам басты. Білгенін, түйгенін, түйсінгенін алдына келген әрбір шәкірттің бойына сіңірді.

Сабақ бере жүріп, 1974-1986 жылдары комсомол ұйымының хатшысы міндетін

қатар атқарды. Балаларды ерте жастан еңбекке баулу мақсатында ұстаз мектеп жанынан бригадала құрып, 30 оқушыны мүше етіп, жүгері екті. Спорт үйірмесін ашуды ойдан шығармады.

Өмірінің 40 жылын спортқа арнап, шәкірт тәрбиелеп 10 спорт шебері, 30 спорт шеберіне үміткер, 100-ден астам I разрядты балуан дайындап шықты. Балалар спорт мектебінің директоры болып тағайындалды. Оған дейін мектеп үйірмесінде еркін, қазақ күрестерінен жаттықтырушы, Жалағаштағы спорт мектебінде банкер болып қызмет атқарған еді. Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері, Ұлттық олимпиадалық комитеттің алтын белгісімен марапатталған.

Білімді тәжірибемен ұштастырған, басқару жүйесін жетік білетін іскер маман әрдайым сұраныста болады және еліміздің спорт саласын өрістетуге тың идеялар қоса алады.

Әр бастамасының нәтижелі болуы оған жауаптылардың іс-әрекетінен көрінеді. Ігілікті істердің ұйытқысы болып жүрген, пайым-парасатына жан сүйсінер ғыраты мол, спорт саласында қызмет атқарған Ахметұлы Қуандықтың өмірі мен еңбек жолы кейінгі ұрпаққа үлгі болсын деген ниетпен «Қазақстанның Алтын кітабы» энциклопедиясына енгізілген.

Лаура АХМЕТОВА, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушысы

ФОРУМ

ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ КЕЛБЕТІ

А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай «Жемқорлықсыз болашақ – әр азаматтың үлесі» тақырыбында облыстық форум өтті.

Форумға комплаенс-офицерлер, волонтерлер және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Қуаныш Ахметқалиев кез келген өркениетті қоғам үшін жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ең өзекті мәселенің бірі екенін атап өтті.

«Бұл қоғамның тұрақтылығы мен дамуына кері әсер етеді. Мемлекеттің экономикалық дамуын тежеп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектейді. Біздің міндетіміз – бірлескен күш-жігер арқылы адал қоғам құру. Осы іске әрбір азаматтың қосар үлесі бар, – деді ол.

Форумда «Саналы ұрпақ» республикалық слетінің қатысушылары, жас ақындар мүшайрасының жеңімпаздары өз өнерлерін көрсетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белсенділік танытқан бірқатар азамат, волонтерлер, республикалық тақырыптық сайыстарда жүлделі орындарға ие болған оқушылар мен студенттер департамент басшысының Алғыс хатымен марапатталды.

Сыбайластық әлеуметтік-экономикалық дамуға, нарықтық экономиканы құруға, инвестициялар тарту процесіне және демократиялық мемлекеттің саяси, қоғамдық институттарына кері әсер етеді. Осындай келенсіздіктің алдын алу мәселесі талқыланды форум соңы жергілікті өнерпаздардың концертіне ұласты.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПІКІРСАЙЫС ТУРНИРИ ӨТТІ



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Qorqyt Ata Cup II: Ұлттық сана – ұлт руханиятының негізі» атты республикалық пікірсайыс турнирі ұйымдастырылды. Аукымды шараға Астана, Шымкент, Түркістан, Тараз және Қызылорда өңірлерінен 11 команда қатысты. Тартысты додала пікірсайысшылардың шешендік шеберліктері мен терең білімдері сыналды.

Турнирдің ашылу салтанатында Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Жандос Базартай алғыс сөз сөйлеп, «Qorqyt Ata Cup II» пікірсайыс турнирі жастардың сыни ойлау қабілетін дамытуға, білімдерін тереңдетуге және өзара тәжірибе алмасуға үлкен мүмкіндік беретінін атап өтті. Сонымен қатар, бұл турнир жастардың жана идеяларын қалыптастырып, ұлттық сананы терең түсінуге ықпал ететініне сенім білдірді.

Турнирге өнімді пікірсайыс саласында мол тәжірибесі бар кәсіби мамандар шақырылды. Бас төреші қызметін Ұлттық пікірсайыс федерациясының Қызыл-

орда облысы бойынша директоры Айжан Орынбасарова атқарды.

Республикалық турнирде «Қазақстан Республикасында құмар ойындардың барлық түрлеріне (лотереялар, букмекерлік кенеселер, казино) тыйым салу», «Қазақ жастарының ең үздік жетістігін көрсету», «Қазақ халқының заманауи салт-дәстүрін ұсыну», «Әлім-жетпікпен (буллинг) күресудің жана шешімдерін әзірлеу», «XXI ғасырдың ең басты қателігін көрсету» және өзге де қоғамдық өзекті әрі маңызды тақырыптар қозғалды.

Нәтижесінде Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Нартай Бекежанов»

фракциясы – I орын, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Нағи Ілиясов» фракциясы – II орын, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Тұрмағанбет Ізтілеуов» фракциясы – III орын иеленді.

Бұдан бөлек, «Үздік төреші» атағына Маржан Ердібек лайық деп таныла, таралық Азамат Токбергеге «Үздік спикер» номинациясы табысталды.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімінде Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнұра Бурibaева қатысушылардың білім мен ұлттық сананы қалыптастырудағы рөліне ерекше тоқталып, жүлдегерлерді құттықтады.

Айта кетейік, «Ақиқат» дебат клубы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті студенттерінің шығармашылығы мен шешендік қабілеттерін дамытатын жетекші ұйымдарының бірі. Клубтың басты мақсаты – жастар арасында сөз мәдениеті мен жүйелі ойлауды қалыптастыру арқылы интеллектуалдық қабілеттерді арттыру, қоғамға өзекті мәселелерді талдау арқылы шешім табуға бейімделген тұлғаларды тәрбиелеу.

Дебат клубы 20 жылдан бері жұмысын үздік атқарып келеді. Тек университет деңгейінде емес, облыс мектептерінен де тығыз байланыс орнатып, филиалдар ашу арқылы пікірсайыс мәдениетін аймақ жастары арасында кеңінен насихаттауда. Ұйым мүшелері республикалық және халықаралық пікірсайыс турнирлерінде жүлделі орындарға ие болып, университет намысын абыроймен қорғап жүр.

Мұралық істердің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж.) 2024 жылдың 15 мамырында қайтыс болған азамат Қазымбетов Ибрагимнің және 2022 жылдың 17 желтоқсанында қайтыс болған азаматша Жусупова Ақпейшен Дюсеновнаның аттарынан мұралық істердің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуы сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Хабарландыру

Тегін есту диагностикасы. Есту аппараттары. Қабылдауды Астана қаласының маманы жүргізеді. 17-18-19 желтоқсан аралығында тек 3 күн. Дыбыстардың жана әлемін ашу мүмкіндігін жіберіп алмаңыз!

Біздің мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бұхарбай батыр көшесі, 58. Байланыс тел.: 8 771 085 00 58.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорис» акционерлік қоғамының басылымы мен еңбек ұжымы компанияның кәсіподақ комитетінің бұрынғы төрағасы, еңбек ардагері Дүйсен Елүсін Төлегенұлының дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасына, бауырлары мен жақын туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.